

SAIASAT

АРДЫ ОЙЛАЙТЫН  
КЕЗ КЕЛДІ

2-бет

QOǴAM

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

4-бет

JANSARAI

ШЫНАЙЫ ТАРИХ  
ХАЛЫҚТЫҢ РУХЫН ОЯТАДЫ

5-бет

DIDAR

ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ  
МЕРЕЙЛІ СӘТІ

28-бет



Суреттер Елбасының баспасөз қызметінен алынды

## Өзара келісім – ел дамуының негізі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Ассамблея Хатшылығының меңгерушісі Жансейіт Түймебаевты қабылдады.

Кездесуде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясына дайындық барысы туралы баяндалды.

Елбасы алдағы іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыру-

дың маңыздылығын айтып, Қазақстан халқы Ассамблеясының алдағы 25 жылдығын мерекелеуге әзірлік жұмыстарын уақтылы жүргізу қажеттігін атап өтті.

– Келесі жылы біз Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын атап өтуді жоспарлап

отырмыз. Ассамблеяның мерейтойын орталықта да, барлық өңірде де жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Келісім, тұрақтылық, халық достығы, түрлі этностық топтар, діни конфессиялар арасындағы өзара құрмет мемлекетіміздің және дамуымыздың негізі саналады. Бұл жоспарланған іс-шараның негізі болуға тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кездесу соңында Елбасы бірқатар нақты тапсырма берді.

## Қазақстанның валюта-қаржы нарығы тұрақты

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады.

Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаевқа еліміздің валюта-қаржы нарығындағы қазіргі ахуал жөнінде мәлімет берілді.

– Қазіргі уақытта мұнай бағасының өсіп келе жатқаны

байқалуда. Еліміздегі экономикалық ахуал мен теңге бағамы тұрақты. Жақында Ұлттық банк пен Үкімет тұрғындар үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Сіздердің тараптарыңыздан бұл

дұрыс шешім деп ойлаймын, – деді Елбасы.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаевқа қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және инфляция деңгейін сақтап қалу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімделді, – деп хабарлады Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз қызметі.

## Әріптестік әлеуеті арта береді

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына сапары жалғасты. Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрайымы Валентина Матвиенкомен кездесті.

**Еркежан АЙТҚАЗЫ,**  
«Egemen Qazaqstan» –  
Мәскеуден (Ресей)

Мемлекет басшысы ресми сапары аясында Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінде болып, Кеңес төрайымы Валентина Матвиенкомен кездесті, сондай-ақ Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге алғашқы шетелдік сапарының символдық мәні зор екенін айтып, бұл өзара құрмет пен сенімге негізделген екіжақты стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейін айғақтайтынын атап өтті.

– Қазақстанның жаңа Президенті ретіндегі менің міндетім – елдеріміз арасындағы одақтастық қарым-қатынастың дамуына мол еңбек сіңірген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев стратегиясының сабақтастығын қамтамасыз ету, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Валентина Матвиенконың ТМД Парламентаралық Ассамблеясының төрағасы лауазымындағы қызметін жоғары бағалап, Федерация Кеңесінің спикеріне екіжақты парламенттік байланыстарды нығайту жөніндегі бірлескен жұмыстар мен халықаралық құрылымдар



аясындағы жемісті ынтымақтастық үшін ризашылық білдірді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы екі елдің интеграциялық күн тәртібі аясында өзара іс-қимылдарды кеңейту мәселелеріне арнайы тоқталды.

– 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында Еуразия экономикалық одағының мерейтойлық саммиті өтеді. Қазақстан Республикасының Президенті ретінде еуразиялық интеграцияның дамуына барынша жағдай

жасаймын. Біздің мемлекеттеріміздің парламенттері осы үдерістерге зор үлес қоса алады деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Валентина Матвиенко парламентаралық қарым-қатынасты нығайтудың маңыздылығын айтып, осы сапар Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігіне тың серпін беретініне сенім білдірді.

(Соңы 2-бетте)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

#### 1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**  
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссия – арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компанияларының және әлеуетті қатысушыларының басым қызмет түрлерінің тізбесінде көзделмеген немесе арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін осындай тізбеге қосу туралы өтініштерін қарауды жүзеге асыратын, тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссия;

(Жалғасы 6-бетте)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:**

**1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №13, 99-құжат; 2005 ж., №9, 26-құжат; 2006 ж., №1, 5-құжат; №3, 22-құжат; №11, 55-құжат; №12, 79, 83-құжаттар; №16, 97-құжат; 2007 ж., №1, 4-құжат; №2, 18-құжат; №14, 105-құжат; №15, 106, 109-құжаттар; №16, 129-құжат; №17, 139-құжат; №18, 143-құжат; №20, 152-құжат; №24, 180-құжат; 2008 ж., №6-7, 27-құжат; №15-16, 64-құжат; №21, 95-құжат; №23, 114-құжат; 2009 ж., №2-3, 18-құжат;

(Жалғасы 9-бетте)



# Әріптестік әлеуеті арта береді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кестенің тығыздығына қарамастан, Федерация Кеңесіне келуге уақыт тапқаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Екіжақты парламенттік өзара іс-қимылдарды және ТМД Парламент-аралық Ассамблея аясындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан жеке үлесіңіз үшін Сізге алғыс айтқым келеді, – деді Валентина Матвиенко.

Соңында Валентина Матвиенко Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы сәуір айында Парламентаралық Ассамблеяның кезекті отырысы жоспарланғанын және осы жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Дариға Назарбаеваның шақырылғаны туралы айтты.

Кездесу соңында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың ауқымды мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрайымы Валентина Матвиенкомен кездеспес бұрын Белгісіз жауынгер бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

Қазақстан Президенті Белгісіз жауынгер бейітінің жанындағы Мәңгілік алауға гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырлардың рухына тағзым етті. Рәсім соңында Мемлекет басшысы Құрмет қарауылының сап түзеп өткен салтанатты маршын көрді.

Александр бағындағы Мәскеу Кремлінің қабырғасын бойлай орналасқан «Белгісіз жауынгер бейіті» Мемориалдық сәулет кешені Мәскеу үшін соғысқан жауынгерлердің құрметіне 1967 жылы салынды. Кешенге Ресей мәдени мұрасының нысаны, сондай-ақ Жалпыдүлтық әскери даңқ мемориалы мәртебесі берілген.

Ресейге сапары қарсаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Российская газета» басылымына сұхбат берген болатын. Онда Мемлекет басшысы екі ел арасындағы қарым-қатынас бүгінгі жаһандық қалтарыстар кезеңіндегі мемлекетаралық байланыстардың эталонына



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

айналғанын айтқан еді. Қазақстан мен Ресей арасындағы одақтастық пен стратегиялық әріптестікті нығайту тақырыбы кездесудегі негізгі басымдық беретін бағыт екенін де жеткізді. Сонымен қатар сұхбатында Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының сенімді одақтасы екенін, мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды тереңдету үшін, оның ішінде сауда-экономикалық, инвестициялық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері бойынша үлкен әлеует барына да назар аударған болатын. Бұл ретте Қазақстан Президенті ежелгі достықтың туы желбіреп, Ресей бұрынғыша Қазақстанның жетекші сауда серіктесі болып қала беретінін, бұл негізде екі

ел арасындағы тауар айналымының жыл сайын артып келетінін, былтыр бұл көрсеткіш 17,6 миллиард долларды құрағанын айтады. Еліміздегі әрбір шетелдік үшінші кәсіпорын – ресейлік болса, олардың жалпы саны 9 мыңнан асатынын да мысалға келтірді.

Қазақстан Президенті қазіргі уақытта әлемде орын алып жатқан шыннайы көріністерді былай сипаттайды. Жаһандық және өңірлік қауіпсіздік, шиеленіскен геосаяси қақтығыстар мен санкциялар легі, көші-қон мәселесі, халықаралық қатынастардағы дағдарыстық құбылыстар, оқшаулану және протекционизм үрдістерінің артуы, әлемдік экономикалық өсімнің бәсеңдеуі, қаржы және валюта нарықтарындағы

тұрақсыздық, әлемдік саудадағы ахуалдың құбылмалылығы – дамушы, дамыған елдерге салқынын тигізбей қоймайды. Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық аумалы-төкпелі кезеңге қарамастан Қазақстан Еуразиялық кеңістікте және кең ауқымда интеграциялық процестерді дәйекті түрде қолдайтынын тілге тиек етті. Қазақстан Батыс пен Ресей қарым-қатынасының жақсаратынынан үмітті. Сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше барлық мемлекеттер үшін де шиеленістің тарқауы тиімді болмақ. Өйткені алдымен Үлкен Еуразияның экономикалық әлеуеті артады. Азия мен Еуропаның сауда-саттық байланысын жандандыруға негіз болатын Үлкен Еуразияның келешегіне сенім

бар. Президент өз сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы ғаламшар халқының 45 пайызын, Еуразия аумағының 60 пайызын, әлемдік экономиканың үштен бірін біріктіріп отырғанын мысалға алған.

Сондай-ақ Еуразиядағы бейбітшілікті, тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы құрлықтағы мемлекеттердің бірлескен іс-әрекеттері негізінде жүзеге асатынын айтады. «Біздің елдеріміз көпжақты халықаралық және өңіраралық аяларда тығыз өзара іс-қимыл жасайды және өз күш-жігерін үйлестіреді. Қазақстан Президенті ЕАЭО құрылымдары бүгінде Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестердің қозғаушы күші екенін жеткізеді.